

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА БІЗ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ. ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ӘРҚАШАНДА ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ КЕҢ АУҚЫМДЫ ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ ҚАМТИТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ҰСЫНЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ МАҚСАТҚА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ ЖЫЛ САЙЫН ҰЛҒАЙЫП ОТЫР.

Нұрлан САУРАНБАЕВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



№56 (2664)  
23/07/2021  
rail-news.kz

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ ГОТОВЫ

Вопросы обеспечения погрузки угля и подготовки к новому отопительному сезону обсудили вчера в ходе расширенного онлайн-совещания под председательством главы АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлана Сауранбаева.

**Любовь ПОДОЛЯК,**  
Нур-Сұлтан

В мероприятии приняли участие представители уполномоченных органов, угольных разрезов, ТЭЦ, руководители отделений грузовых перевозок, грузополучатели и т. д. Приветствуя участников, председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев отметил, что к настоящему моменту в компании формируется оперативный штаб по перевозке угля, который контролирует обеспечение заявок грузоотправителей, выполнение оборота вагонов, а также мониторит остатки запаса твердого топлива на складах ТЭЦ и ГРЭС.

– Перевозка социально значимых грузов остается одной из приори-

тетных задач АО «НК «ҚТЖ». Чтобы выполнить планы по транспортировке твердого топлива в полном объеме, необходимо правильно организовать процесс перевозок, – сказал он.

И. о. заместителя председателя правления по грузовому движению Оралхан Кулаков в своем выступлении подчеркнул, что благодаря скоординированной работе Министерства энергетики, Министерства индустрии и инфраструктурного развития, грузотправителей, грузополучателей, трейдеров и ҚТЖ отопительный период 2020-2021 годов прошел без нареканий, срывов по поставке угля не было, нормативный запас на складах содержался выше нормы.

В первом полугодии по АО «НК «ҚТЖ» погружено 51,5 миллиона тонн угля, что на 2 миллиона больше, чем за

аналогичный период прошлого года. При этом внутри страны перевезено свыше 36,3 миллиона тонн твердого топлива, или 109% к уровню 2020 года. На экспорт отправлено 15,2 миллиона тонн.

– Хочу обратить внимание на два момента. Первый – вопрос равномерности погрузки угля в течение года и начала закупки твердого топлива уже с августа. Данная схема работы доказала свою эффективность и позволила исключить дефицит подвижного состава в осенне-зимний период. Поэтому всем участникам процесса необходимо придерживаться этого принципа, – считает спикер. – Второй момент – парк техники АО «Қазтеміртранс», как и других собственников, находится в рынке. В связи с эти рекомендуем отправите-

лям заблаговременно прорабатывать вопросы обеспечения подвижным составом предстоящих перевозок со всеми собственниками полувагонов.

Полувагонов для удовлетворения потребностей заявляемых объемов перевозок на сегодняшний день достаточно.

– В настоящее время на территории Казахстана задействовано более 63 тысяч полувагонов, из них свыше 40 тысяч – на балансе частных собственников РК и вагонных операторов соседних государств, более 23 тысяч – в собственности АО «Қазтеміртранс», – привел цифры Оралхан Кулаков.

По итогам совещания принято решение до 1 августа текущего года в ҚТЖ организовать работу штаба по вопросам перевозки угля.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ОСОБЫЙ ИНТЕРЕС ДЛЯ КАЗАХСТАНА



В Ташкенте состоялась международная конференция «Центральная и Южная Азия: региональная взаимосвязанность. Вызовы и возможности», в которой приняла участие казахстанская делегация.

Во время мероприятия министр иностранных дел РК Мухтар Тлеуберди высказал мнение, что транспортно-логистические проекты между регионами Центральной и Южной Азии представляют особый интерес для Казахстана.

– Мы видим высокий уровень участников, что позволило обменяться мнениями, идеями по поводу развития взаимосвязанности между регионами Центральной и Южной Азии. Для стран Центральной Азии выход к морю через Южную Азию – наиболее кратчайшее. И для нас, как для стран, не имеющих выхода к морю, проекты, предложенные на данной конференции, представляют особый интерес, – отметил он.

Также, по его словам, высокий уровень представленности стран на конференции позволил провести большое количество двусторонних встреч, в ходе которых обсуждены пути взаимодействия, налаживания политического диалога, вопросы инвестиционного сотрудничества стран Центрально-Азиатского региона с другими заинтересованными мировыми державами.

В работе конференции приняли участие президенты Узбекистана и Афганистана, премьер-министр Пакистана, вице-президент Еврокомиссии, главы МИД стран Центральной Азии, России, Индии, Китая и других государств.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Нур-Сұлтан

### ТАМЫЗДА ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ



Атырау облысының Құрманғазы ауданына пойыз жүргізу мәселесі облыстық мәслихатта қаралып, мақұлданған болатын.



Соған сәйкес 13 шілдеде облысшілік Атырау – Д.Нұрпейісова станциясы бағыты бойынша теміржол тасымалдаушысын анықтау мақсатында ашық конкурс туралы хабарландыру жарияланды. «Қатысуға ниет білдірген 5 мекемеден құжаттар қабылданды. Конкурс комиссиясының отырысы өтті, жеңімпаз 15 күн ішінде анықталады, содан кейін онымен және Жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасы арасында келісім жасалады», – деп хабарлайды облыстық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Жолаушылар пойызын іске қосу тамыз айына жоспарланған. Қазіргі таңда пойыз эксперименталды кезеңнен толық өткен. Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елеубай Сапаровтың айтуынша, Атырау облыстық әкімдігі және «Қазақстан темір жолы» компаниясының бастамасымен іске қосылған жоба бойынша Құрманғазы, Исатай аудандарының мәслихат депутаттарымен пойыз кестесі де келісілген. Пойыз Атырау станциясынан 18:00 сағатта шығып, Дина Нұрпейісова станциясына 01:00-де жетеді. Яғни, аралық жүру уақыты 7 сағат. Ал кейін қарай түнгі 02:00-де шығып, таңғы 09:00-де Атырау станциясына келеді. Пойыз жолдағы барлық станциялар мен разъездерге тоқтайды. Жол жүру ақысы: плацкарт вагон Аққыстау станциясына дейін – 218 теңге, Исатай станциясына – 464, ал ақырғы Д.Нұрпейісова станциясына 1200 теңге шамасында болмақ. Пойыз құрамында 1 плацкарт, екі жалпы вагон болады, ол күн сайын қатынайды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2021 ГОДА ПОГРУЗКА КАМЕННОГО УГЛЯ ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» СОСТАВИЛА

**51,5** млн тонн

ЗА ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА ЧЕРЕЗ ПОГРАНИЧНУЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНУЮ СТАНЦИЮ БОЛАШАК ПРИНЯТО

**198**

И ОТПРАВЛЕНО

**219**

ПОЕЗДОВ

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ В РАМКАХ ПРИНЯТЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ АО «НК «ҚТЖ» УВЕЛИЧИЛО ОБЪЕМ ВЫПЛАТ СОТРУДНИКАМ БОЛЕЕ ЧЕМ НА

**14** млрд тенге

## Трансформация

### ӨНІМДІЛІК, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ КІРІС ӨСІМІ

«Кедентранссервис» АҚ терминалдары қызметінің тиімділігін арттыру жобасы үстіміздегі жылдың ақпан айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамасымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық трансформация» бағдарламасының жобалар қоржынына енгізілген болатын.

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нур-Сұлтан

2021-2023 жылдар аралығында жүзеге асқалы отырған бұл жобаның мақсаты – терминалдың операциялық қызметін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу, сонымен қатар онлайн сервистерде клиенттермен өзара іс-қимыл және коммерциялық функциялар процестерінің тиімді моделін құру. Жобаны іске асыру шеңберінде енгізілетін өзгерістер негізгі процестерді оңтайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді. Компания басшысы Арман Сұлтановтың айтуынша, бұл терминалдардың өнімділігі мен тиімділігін арттырып, сонымен қатар қызметтен түсетін кірістің өсуін қамтамасыз етеді.

Жақында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының инфрақұрылым

жөніндегі орынбасары – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры Бауыржан Орынбасаровтың жетекшілігімен Алматы қаласында жаңғыртуды жүзеге асыратын жобалау ұйымы басшылығы мен мемлекетаралық шекаралық Достық станциясында қайта тиеуді қамтамасыз ететін компаниялар өкілдері қатысқан кеңес өтіп, онда Достық станциясының қайта өңдеу қабілеті мен қайта тиеу қуаттарын дамытудың бірыңғау тұжырымдамасын айқындау мәселелері ортаға салынған болатын. Сонымен қатар қатысушыларға вагондарды қабылдау көлемін ұлғайту мақсатында қайта жаңарту жөніндегі жаңа жобалар мен жоспарлар таныстырылғанды.

«Кедентранссервис» АҚ басшылығы қатысушыларды Қытай елінен келетін контейнерлік

құрамдардың қайта тиеуін ұлғайтуға мүмкіндік беретін, қазіргі сәтте осы көліктік-логистикалық қызметтер нарығында бар жаңа технологияларды қолдана отырып, контейнер алаңын қайта жаңарту бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың әзірлемесі жүріп жатқаны туралы хабардар етті. Транзиттік тасымалдардың жыл сайын өсуін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды дайындау жұмыстарының дер кезінде қолға алынғанын кеңеске қатысушылар да мақұлдады.

Атап өтерлігі, «Кедентранссервис» АҚ қазірдің өзінде ҚР арқылы транзиттік тасымалдардың жыл сайынғы өсуін ескере отырып, келешектегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ҚХР-мен шекарада инфрақұрылымды дайындау бойынша жұмысты озық қарқынмен жүргізуде.



ПО ИТОГАМ ШЕСТИ МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПЕРЕВЕЗЕНО НА 356,6 ТЫСЯЧИ ТОНН ЦЕМЕНТА БОЛЬШЕ, ЧЕМ В СООТВЕТСТВУЮЩЕМ ПЕРИОДЕ 2020 ГОДА. ПО ИНФОРМАЦИИ ИЗ ФИЛИАЛОВО ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ», НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ОТСУТСТВУЮТ ФАКТЫ ПО НЕОБЕСПЕЧЕНИЮ ПОДВИЖНЫМ СОСТАВОМ ГРУЗОТПРАВИТЕЛЕЙ ЦЕМЕНТА. ВСЕ ЗАЯВКИ ОБЕСПЕЧИВАЮТСЯ В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ

**Нуржан КЕЛЬБУГАНОВ,**  
исполнительный директор по планированию ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»



### КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ҚАУІПСІЗДІК

Кеше «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтың төрағалығымен «Кірме жолдарда жолдан шығу, ұрлық-қарлық, жол-көлік оқиғасы, мал-жанның басылуын азайту бойынша шаралар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

**Сұлғұл БАКЕСОВА,**  
Нур-Сұлтан

Онлайн-режимде өткен маңызды жиынға Ұлттық компанияның жауапты тұлғаларынан бөлек ҚР

ИИДМ, Бас көлік прокуратурасы, Көліктегі полиция департаменті, Әкімшілік полиция комитетінің жол қауіпсіздігі басқармасы, Қазақстандық вагон/контейнерлер операторы мен тасымалдаушылар ассоциациясының,

«Атамекен» ҰКП өкілдері қатысты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас менеджері Константин Колесниковтің баяндауынша, үстіміздегі жылдың 6 айында 34 адамды пойыз қағып кеткен, ал өткен жылы

бұл көрсеткіш 37-ні құраған. Биыл болған 20 оқиғаның соңы адамдардың жарақаттануы мен мүгедек болып қалуына, ал 14 оқиға адам өліміне әкелген. Маманның айтуынша, биылғы бірінші жартыжылдақта орын алған оқиғалардың 88% адамдардың темір жолда қауіпсіздік ережелерін бұзуы салдарынан болған, ал 6% жастардың құлаққап киіп алып, қырағылықты жоғалтуынан болса, 6% адамдардың өзін-өзі тастауы екен.



## ЖҮК ТАСЫМАЛЫ КЕМІГЕН

**Жансая АЙТУҚЫЗЫ,**  
Шымкент




**Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығын қорытындылаған Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің көрсеткіші жүк тасымалының жекелеген түрлері бойынша жоспардың межеге жетпей отырғанын байқатты.**

Айталық, жыл басынан бергі алты айда жоспар бойынша 80 838 вагон, яғни 4 787 мыңнан астам тонна жүк тиеліп, жоспар 86,8% орындалған. Өткен жылы дәл осы уақытта 84 329 вагон немесе 4 997 тоннадан асқан. Ал техникалық жоспарды 95,5 пайызға орындапты. Жарты жылдағы статикалық жүктеме СД жоспары бойынша 59,23 тоннаны құрап, 101 пайызға жетті. Өткен жылғы көрсеткіш те 59,26 тоннаны құраған.

Сондай-ақ жыл басынан бері жарты жылдықтағы жүк тиеу көрсеткіштеріне, оның ішінде мұнай және астық өнімдеріне тоқталсақ, 33486 вагон немесе 1829313 тонна мұнай және мұнай өнімдері артылған. Астық 238 вагон, 14916 тонна болса, үн өнімдері 1919 вагон, 130413 тоннаны құрады. Жалпы, осы аталған үш өнімді қосқанда 80838 вагон, 4787862 тонна жүк артылған. Бұл жоспардың 95 пайызға орындалғанын көрсетеді. Дегенмен, жүк тасымалы екінші жартыжылдықта еселе түсетінін ескерсек, шымкенттіктер де алғашқы жартыжылдықтың есесін жылдың екінші жартысында қайтаруға бел буып отыр.

## АҒАШ ШПАЛДАР АУЫСТЫРЫЛДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



**Ақтөбе-Товарная станциясы аумағына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Вагондарды сұрыптау, сақтау, жүктерді жөнелту жұмыстары атқарылатын таулы аймақтағы станцияда үш мың ағаш шпалдар отандық темір-бетон шпалдарға ауыстырылды.**

Биыл станциядағы 800 метр болатын төрт сұрыптау жолы жаңарды. Жол табанын сауықтыру жұмыстары екі айға созылған. Аталған жұмыстар учаскедегі



жол сапасын жақсартып, қауіпсіздігін күшейтетіні сөзсіз. Себебі бетон шпалдардың тез шірігін ағаш шпалға қарағанда қызмет көрсету мерзімі ұзақ өрі берік. Осыған дейін 2006 және 2015 жылдары станция аумағындағы сұрыптау жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ағаш шпалдардың беріктігі арттырылған. Маневрлік жұмыстар көп болатын станцияда ағаш шпалдар қауіпсіз емес. Сондықтан оларды темір-бетонға ауыстыру жылдық жоспарда қарастырылған.

— Жөндеу жұмыстары негізінен кешенді көлік көмегімен жасалынды. Мұнда адам күші аз қажет етіледі. Жөндеу жұмыстары кезінде 20 жол монтері тартылды. Жұмысшылар арнайы киімдермен толық қамтамасыз етілген. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шаралары алынған. Станция аумағындағы ағаш шпалдарды темір-бетон шпалдарға ауыстыру, бағытталмауы бұрмаларды алмастыру, қайта тігу, түзету бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде қозғалыс тоқтаған жоқ, — дейді Ақтөбе жол дистанциясы басшысының орынбасары Дархан Орынбаев.

Жол дистанциясы келесі ағымдағы жөндеу жұмыстарын Қаратоғай станциясында жалғастырып жатыр.

*Суретті түсірген автор*

## КЕСТЕДЕН КЕШКПЕЙДІ

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
Тараз



**Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы Бауыржан Орынбасаровпен бірге Тараз теміржол вокзалының жөндеу жұмысымен танысты.**

1986 жылы салынған вокзалға бүгінде жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Мердігері — «Энергетикалық құрылыс» ЖШС. Вокзал түбегейлі өзгеріп, жаңа келбетке ие болуда. Құрылысшылар шатырды, есіктер мен терезе жақтауларын ауыстырып үлгерген. Ғимараттың қасбетін де жаңарту жоспарда бар. Нысанның заманауи дизайны Жамбыл облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірге әзірленіпті. Сондай-ақ жаңа билет кассалары орнатылып, су құбыры, көріз және жылу жүйелері ауыстырылады. Жолаушылар терминалы, қонақ үй мен асхана орналасқан екінші қабатта да қызу жұмыс жүруде. Мердігерлер жөндеу жұмысы кестеден кешікпейді деп сендірді. Жергілікті сәулетшілер ғимараттың қабырғаларын көркем суреттермен безендіруде. Жолаушылар платформалары, вокзал аумағы да ретке келтірілмек. Айта кету керек, вокзал қалыпты режимде жұмыс істеуде. Мердігер билет кассаларына арналған уақытша ғимарат тұрғызып.

Бердібек Сапарбаев вокзал маңындағы барлық нысандардың бірыңғай стилі мен мазмұнға ие болу керектігін атап өтті. Осы орайда, іргедегі тұрғын үйлердің қасбеттері де жаңартылатын болады. Ал Бауыржан Орынбасаровтың айтуынша, жаңғыртылған вокзалдың нобайынан оның тартымдылығын аңғаруға болады. Ол жергілікті әкімдіктің осы жауапты шаруаға мүдделілік танытқанына ризашылығын білдірді. «Біз жергілікті билікпен әрқес бірлесіп жұмыс істеуге әзірміз. Барлығымыз да халықтың игілігі үшін қызмет етеміз», — деп ойын білдірді ол.

## Көмек

### БАДАМ СТАНЦИЯСЫНАН ЖӨНЕЛТІЛДІ

**Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам станциясынан Маңғыстау облысына 5 мың бау, яғни 110 тонна шөп тиелген 4 вагон шөп жіберілді. Бұл игі іс-шара «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының үйлестіруімен, Ордабасы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілді.**

**Жан ПЕРДБЕК,**  
Түркістан

Батыстағы қуаңшылық бүкіл елді алаңдатты. Оның ішінде Түркістан облысының тұрғындары да шама келгенше әрекет етіп, көмегін жолдап жатыр. Бұл ретте отаншыл жас Құрмет Талапқазының бастамасы қоғамға қозғау

салғанын айта кеткен жөн.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің атсалысуымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен келісім жасалып, логистика мәселесі шешілгені белгілі. Ордабасы ауданының жанашыр азаматтары, белсенді тұрғындары ұсынған көмек Маңғыстау облысына жіберіліп

отыр. Шөпті жинауға және артуға ауданның еріктілері, белсенді азаматтары, жасөспірімдер және өзге де жанашыр жандар көмек көрсетті.

Бадам станциясынан жолданған мал азығы Маңғыстау облысының Шетпе, Құрық және Жетібай станцияларына жеткізіледі. Ол жақта көмекті күтіп алып, үлестіретін азаматтар бекітілген.



### АҒАЙЫНҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

**Түбек тұрғындары теміржолмен тегін жеткен шөпті алып, мәре сәре болуда. «Жоғында қараспаған, барында жараспайды», деген. Қазір маңғыстаулықтарға еліміздің әр өңірінен еріктілер бастап, билік қостаған көмек жетуде.**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Бір қуантатыны, батыстықтардың басына күн туғанда қол ұшын созушылар қатары күнде көбеюде. Бұған дейін ҚТЖ жем-шөпті жылдам жеткізуге қолдау күрделі жағдайға байланысты компания серіктестерімен бірге осындай әлеуметтік қолдауды жүзеге асырып отыр. «ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің 17 шілдедегі ақпараттары бойынша Маңғыстау облысына 33 вагон нығыздалған шөп темір жолмен жіберілген болатын. Қазір соның біраз бөлігі өңірдегі станция-

ларға түсіріліп, тұрғындарға таратылды. Тегін шөпті алғандардың қуанышында шек жоқ. Ұйымдастырушыларға алғысын жаудыруда.

— Тегін шөпті жеткізу бойынша тапсырма берілген күннен жүктің жеткізілуі, түсірілуі, бәрін білдірсе, таяуда еріктілер жинаған мал азығын тегін тасымалдауды қолға алды. Маңғыстаудағы күрделі жағдайға байланысты компания серіктестерімен бірге осындай әлеуметтік қолдауды жүзеге асырып отыр. «ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің 17 шілдедегі ақпараттары бойынша Маңғыстау облысына 33 вагон нығыздалған шөп темір жолмен жіберілген болатын. Қазір соның біраз бөлігі өңірдегі станция-

ларға түсіріліп, тұрғындарға таратылды. Тегін шөпті алғандардың қуанышында шек жоқ. Ұйымдастырушыларға алғысын жаудыруда.

— Тегін шөпті жеткізу бойынша тапсырма берілген күннен жүктің жеткізілуі, түсірілуі, бәрін білдірсе, таяуда еріктілер жинаған мал азығын тегін тасымалдауды қолға алды. Маңғыстаудағы күрделі жағдайға байланысты компания серіктестерімен бірге осындай әлеуметтік қолдауды жүзеге асырып отыр. «ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің 17 шілдедегі ақпараттары бойынша Маңғыстау облысына 33 вагон нығыздалған шөп темір жолмен жіберілген болатын. Қазір соның біраз бөлігі өңірдегі станция-

*Суретті түсірген автор*

## ЖОЛ САУЫҚТЫРУ ЖОСПАРҒА САЙ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Биылғы жылы Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша жазғы жол сауықтыру жұмыстарына айрықша ден қойылуда. Осыған дейін телімдер бойынның баллдық өлшемін анықтау, күрделі және орташа жөндеу жүргізілуі тиіс аумақтардағы ақаулықтарды нақтылау шаралары жүзеге асырылса, бүгінде кейбір телімдер бойынша жазғы жол жөндеу жұмыстары аяқталып, енді бірінде жаңадан қолға алынбақ.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Атап айтсақ, өткен айда Аягөз бен Жарма станциялары аралығында қызу жұмыс жүргізіліп, жоспарлы жұмыстар толық аяқталған болатын. Бұл орайда Аягөз – Жарма аралығындағы Қарақойтас – 16 жол айрығы және Үшбик станциясы аралығындағы жалпы көлемі 26,8 шақырымдық желі бойы толықтай темір-бетонды шпалдарға ауыстырылды. Жұмыс барысы кідіріссіз жүргізілді.

Сол тәрізді қазіргі таңда жазғы жол сауықтыру шараларын ПЧ-39 мекемесі де қолға алуда. Осыған дейін Дегелең-Жаңа-Семей, Семей-Локоть телімдері толықтай сүзгіден өткізіліп, ақаулықтары бар аумақтардың координациясы анықталып, регламент нақтыланған болатын. Соның нәтижесінде Шаған мен Көл арасындағы 5,31 және Жалпақ пен «Пост А» жол айрықтары арасындағы 9,45 шақырымдық құрайтын қумажолдарды күрделі жөндеуден өткізу көзделуде.

Бұл орайда аталмыш қумажолдар толықтай жаңадан темірбетонды шпалдарға ауыстырылмақ. Осынау ретте 27158 наадан аса шпалдар мен 53136 текше метр қиыршық тас алу жоспарланған болатын. Керекті материалдардың жеткізілуі қазіргі күннен басталып кетті.

— Енді бірер күнде, нақтырақ



**НӘТИЖЕСІНДЕ ПОЙЫЗДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН САҒАТЫНА 80/60-ТАН 140 ШАҚЫРЫМ САҒАТҚА ДЕЙІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІ ТУАДЫ. ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ САҒАТЫНА 120 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАСА, ЖҮК ПОЙЫЗДАРЫ 80 ШАҚЫРЫМДЫҚ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ЖҮЙТКИ АЛАТЫН БОЛАДЫ.**

айтсақ, алдағы тамыз айынан бастап күрделі жөндеу жұмыстары бастау алмақ. Кестеге сай толаскездер өткізіліп, жұмыс барысы жоспарға сай жүргізіледі. Түйіспесіз жолдарды төсеуде қажетті жол машиналарына зәрулік болмайды деп ойлаймыз. Жұмыс күші де жеткілікті, — дейді бұл орайда Семей жол дистанциясының бас инженері

Мырзәбек Керейбаев.

Жалпы, Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша ағымдағы жылы күрделі жөндеуден өтетін телімдер аумағы жоспар бойынша 40,84 шақырымды құрап отыр. Ал, күшейтілген орташа жөндеу 15,085 шақырым, жалпы орташа жөндеу 20,8 шақырымды құрайды. Бұл орайда НЖС-6 бөлімшесі бойынша жол бөлімінің бастығы,

**Түркістан облысының тұрғындары мен еріктілері облыс әкімдігінің қолдауымен Маңғыстау облысының шаруаларына көмек көрсетуді жалғастыруда.**

## МЫҢ ТОННА ЖЕМ-ШӨП ЖІБЕРДІ

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**  
Шымкент

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев батыс өңірлерге жем-шөпті жөнелтудің тегін логистикасы мәселелерін бақылауда ұстап отыр. Бұған дейін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ қолдауымен Маңғыстау облысына 23 вагон шөп жөнелтілген болатын Бұдан бөлек, бүгін Сарыағаш қаласының теміржол станциясынан тағы 10 вагон мал азығы жөнелтілді. Қазіргі уақытта жергілікті еріктілер мен аграршылар Түркістан облысы әкімдігі мен ҚТЖ қолдауымен Маңғыстау және басқа да облыстарға қосымша 40 вагон жем-шөп жіберу жұмыстарын жүргізуде. Келісімдерге сәйкес мал азығын жеткізу жұмыстары тегін жүргізілуде.

Сонымен қатар, облыс әкімдігі және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы қажет болған жағдайда дайындалған жем-шөпті тасымалдау үшін 100 вагон ұсынуға дайын. Облыс басшысының тапсырмасына сәйкес, облыстың агроқұрылымдарына орман қоры жерінен жайылымдар мен шабындықтар берілді.

Айта кетейік, ағымдағы жылы құрғақшылық тек батыс өңірлерде ғана емес, Түркістан облысында да орын алды. Келесі және Сарыағаш аудандарының шаруалары да жылдағыдай емес, шөп аз деп отыр. Дегенмен, бүгінгі таңда өңірдегі жағдай тұрақты. Бірқатар аудандар қажетті жем-жөп мөлшерін толық жинап үлгерген.

*Суретті түсірген автор*

білікті маман Қайырғелді Қапанұлының айтуынша, барлық жұмыстар күзгі салқын түскенге дейін толық аяқталмақ. Күрделі жөндеу шаралары ПЧ-42 мен ПЧ-39-да жүргізілсе, орташа жөндеу жұмыстары негізінен Өскемен өңірінде жүзеге асырылмақ. Яғни, ПЧ-37 мекемесі бойынша 11,0 шақырым аумақ жаңартылса, ПЧ-38 бойынша 9,8 шақырымдық телім бойы шаруашылық тәсілмен жөнделеді.

Жалпы, семейлік теміржолшылар жазғы жол сауықтыру шараларын жыл сайын өз деңгейінде жүргізу үшін арнайы жоспар құрып, соның аясында тыңғылықты түрде іске асыруда. Мәселен, Аягөздегі ПЧ-42 мен Семейдегі ПЧ-39 мекемесіне тиесілі күрделі жөндеуден өткізілетін аумақтар енді бірер жылда бастан-аяқ жаңартылып, ағаш шпалдар толықтай алына-тын болады. Соның нәтижесінде пойыздың қозғалыс жылдамдығын сағатына 80/60-тан 140 шақырым сағатқа дейін арттыру мүмкіндігі туады. Бұл «Талто» пайызының тек осынау телім бойындағы шекті мөлшері. Ал, жай жолаушылар пойызының жылдамдығы сағатына 120 шақырымды құраса, жүк пойыздары 80 шақырымдық жылдамдықпен жүйіткі алатын болады. Осынау тиімділіктер бөлімшенің тасымал процесіне қатысты барлық көрсеткіштерін еселеп, мол жетістік әкеледі деп күтілуде.

*Суретті түсірген автор*



## УГОЛЬ ДОСТАВЛЯТ В СРОК



АКТУАЛЬНО

**С мая текущего года началась подготовка к предстоящему отопительному сезону, для потребителей Казахстана по Семейскому отделению грузовых перевозок отгружено 610 тысяч тонн угля. Это соответствует уровню прошлого года. В адрес ТЭЦ с мая отгружено 399 тысяч тонн технического твердого топлива. Это на 9,2% больше уровня прошлого года.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В Восточном Казахстане ведется активная подготовка к будущему отопительному сезону, создаются необходимые запасы угля уже с начала лета благодаря слаженной, скоординированной работе железной дороги, местных исполнительных органов, грузоотправителей ТОО «ВостокУгольПром» и АО «Каражыра», грузополучателей. Коммунально-бытового угля за май-июнь 2021 года отгружено 211 тысяч тонн. Стабильно ведется его погрузка для орга-

низаций, которые реализуют твердое топливо населению в регионах и снабжают социальные объекты.

свыше 3,3 миллиона тонн. Это на 459,7 тысячи тонн больше, чем за аналогичный период прошлого года.

отгрузил свыше 2,5 миллиона тонн. По сравнению с прошлым годом погрузка увеличена на 100,8 тысячи тонн. Основные грузополучатели – теплоснабжающие предприятия Восточно-Казахстанской, Алматинской областей, а также организации, которые реализуют уголь населению. На Восточно-Казахстанскую область погружено с начала года более 2 миллионов тонн. Это 102,6% к уровню прошлого года, то есть на 51,3 тысячи тонн больше.

Погрузка угля на экспорт за первое полугодие составила 768,7 тысячи тонн. Увеличение к прошлому году – на 359 тысяч тонн.

**ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ ПО СЕМЕЙСКОМУ ОТДЕЛЕНИЮ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ОТГРУЖЕНО БОЛЕЕ 5,2 МИЛЛИОНА ТОНН ГРУЗОВ, ИЗ КОТОРЫХ УГОЛЬ СОСТАВЛЯЕТ СВЫШЕ 3,3 МИЛЛИОНА ТОНН.**

Всего по итогам работы за первое полугодие по Семейскому отделению грузовых перевозок отгружено более 5,2 миллиона тонн грузов, из которых уголь составляет

Как отметили в отделе логистики и организации перевозок Семейского отделения грузовых перевозок, грузоотправитель ТОО «ВостокУгольПром» для потребителей по всей республике



движения на подъездных путях станции. Отмечалось, что некоторые ветевладельцы несвоевременно информируют о нарушениях безопасности движения на своих участках, часто пренебрегают соблюдением технологического срока оборота и обработки вагонов на подъездных путях с момента приема от перевозчика с приемоотправочных путей до возвращения обратно на эти же пути. Нарушения были отмечены и в части технического содержания верхнего строения пути, а также при производстве маневровой работы.

Так, по словам начальника станции Кокшетау-1 Надирхана Кайсарова, часто неритмичность погрузки грузов по декадам и отсутствие заявок на подачу вагонов становятся основными причинами большого скопления и увеличения времени простоя вагонов, что в последующем также приводит и к задержкам по стыкам.

– Кроме того, согласно предоставленному графику работы хлебоприемных предприятий, из-за проведения необходимых плановых работ по техническому обслуживанию в безостановочном режиме работы по приему и отгрузке зерновых грузов будет работать только один элеватор, – отметил он в своем выступлении.

По итогам встречи ветевладельцам рекомендовано в период массовой отгрузки зерновых грузов и перевозки угля обеспечить надлежащее содержание своих подъездных путей, со стороны руководства предприятий должен быть установлен контроль за исполнителями, отвечающими за производство маневровых работ и состоянием мест приема/сдачи вагонов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ГРУЗЫ ПОД КОНТРОЛЕМ



СОВЕЩАНИЕ

**На станции Кокшетау-1 прошло оперативное совещание по вопросам перевозки грузов под председательством начальника отдела по логистике и организации перевозок грузов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Асана Оспанова.**

**Надежда НОВИЦКАЯ,**  
Кокшетау

В мероприятии приняли участие представители крупнейших операторов вагонов – АО «Қазтеміртранс» и АО «Астық Транс», а также руководители ряда частных компаний региона.

В ходе совещания в первую очередь рассмотрены вопросы использования парка вагонов собственности АО «Қазтеміртранс» и АО «Астық Транс» для перевозки зерна, а также готовность элеваторов и ХПП, ответственность грузоотправителей

за правильность и полноту сведений, указанных в накладной.

Так, рядом руководителей частных компаний отмечены факты изношенности и больших сроков эксплуатации вагонов. Кроме того, затронута проблема предоставления льготного времени под погрузку и выгрузку во избежание штрафных санкций и непредвиденных финансовых расходов со стороны грузоотправителей и экспедиторских компаний, работающих с ними. Но, если руководство АО «Қазтеміртранс» рассмотрит и предложит выгодные условия

перевозки груза в рамках ценовой политики, то они готовы подать заявки под погрузку, согласно заявленным планам по всем маршрутам.

Однако подобную точку зрения разделяют не все грузоотправители. К примеру, при отгрузке лома черного металла, полипропилена и картофеля многие предприятия региона продолжают максимально использовать вагоны собственности АО «Қазтеміртранс».

Кроме того, участники встречи затронули проблему обеспечения сохранности и безопасности

## ДЕЛО ВСЕХ И КАЖДОГО



БЕЗОПАСНОСТЬ

**В первом полугодии 2021 года количество случаев нарушения безопасности движения на железнодорожном транспорте сократилось на 15,4% (с 65 до 55 случаев) по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Нур-Султан

Как показывает анализ, добиться положительной динамики удалось благодаря риск-ориентированному подходу и реализации функциональной стратегии по безопасности движения в компании.

Так, за 6 месяцев ревизорским аппаратом проведено 5 102 проверки, выявлено 54 421 несоответствие, приняты 4 283 запретные меры. С целью устранения угрозы безопасности движения отстранено от эксплуатации 330 локомотивов и 893 грузовых вагона, закрыто 224 станционных пути и 494 стрелочных перевода. Ограничение скорости движения – 1742 км, отмена некачественных комиссионных месячных осмотров пути и стрелочных переводов – 107, отмена графиков технологических процессов – 315.

Кроме того, наложен запрет на эксплуатацию 106 пассажирских вагонов

и 72 единиц специального самоходного подвижного состава.

На основе анализа состояния безопасности движения и с учетом «узких» мест в работе хозяйств организованы ревизии в Кызылординском, Павлодарском, Уральском, Актобинском отделениях грузовых перевозок, проведен технический аудит на Атбасарском электровозном ремонтном заводе, в Шалкарском, Астанинском и Карагандинском локомотиворемонтных депо. Запретные меры, принимаемые ревизорским аппаратом, служат барьером к допуску подвижного состава и эксплуатации устройств инфраструктуры, которые не соответствуют требованиям нормативно-правовых и внутренних локальных актов АО «НК «КТЖ».

В компании принимаются все необходимые меры для обеспечения сохранности жизни и здоровья людей, грузов, подвижного состава, объектов инфраструктуры.

Так, на локомотивы серии 2ТЭ10МК устанавливаются более современные

электропневматические тормоза, а в вагонном хозяйстве успешно используются средства автоматического контроля подвижного состава. С помощью мобильных диагностических комплексов железнодорожники проводят автоматизированный комплексный анализ предотказного состояния бесстыкового пути. Успешно функционирует центр управления движением поездов в Актобе – как один из главных проектов цифровой трансформации компании.

Кроме того, специалистами разрабатываются автоматизированные проекты «Книга замечаний машиниста» и «Комиссионный месячный осмотр». Нововведения позволят принимать оперативные управленческие решения по исключению несоответствий на железнодорожном транспорте. Ведутся работы и по организации высокоскоростного пассажирского движения. В рамках данного направления проводятся подготовительные работы по развитию железнодорожного участка Туркестан – государственная граница с Узбекистаном. Работа в данном направлении будет продолжена и в следующем квартале текущего года.

В целом, обеспечение безопасности движения – дело всех и каждого. Ведь безответственность одного может свести на нет усилия многих. Поэтому, когда каждый работник, отдавая отчет в своих действиях и понимая все их последствия, не допускает отклонений от установленных требований безопасности, можно достичь максимального эффекта.

## С ЗАБОТОЙ О ЛЮДЯХ

**Анна ПАНИЦЕВА,**  
Уральск



БЛАГО

**В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» по Уральскому участку улучшены санитарно-бытовые условия труда работников, что непосредственным образом влияет на обеспечение безопасности движения поездов.**

Коллективы Уральского эксплуатационного вагонного депо и управленческий персонал Актобинского отделения ГП по Уральскому региону поддерживают корпоративные ценности компании БЛАГО, особенно Безопасность.

Железная дорога является опасным производством с серьезными рисками, где от человеческого фактора напрямую зависит главная составляющая работы железнодорожного транспорта – безопасность движения поездов.

– Именно поэтому к вопросу охраны труда и улучшению быта работников нужно относиться ответственно, создавать максимально безопасные и комфортные условия труда с целью повышения работоспособности и эффективности каждого сотрудника, – пояснила инженер-технолог по безопасности и охране труда группы производственной безопасности и экологии по Уральскому региону филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» Марина Лангина.

В целях профилактики травматических случаев на производстве первыми руководителями проведено 78 внезапных проверок соблюдения работниками правил техники безопасности и технологического процесса, особенно в зонах повышенной опасности, половина из них – в ночные смены.

Медицинскими работниками ТОО «Медикер» проводится предсменное медосвидетельствование 34 работников хозяйственных отделов на станциях Уральск, Жилаево, Казахстан и на 13 станциях: Уральск, Жилаево, Казахстан, Шыңғырлау, Озинки, Жайық, Семіглауы Мар, Переметное, Тасқала, Амангелды, Алғабас, Белес, Пойма – 98 работников ВЧД. Особое внимание уделяется работникам, состоящим на диспансерном учете с гипертонической болезнью, сердечно-сосудистыми заболеваниями. За первое полугодие отстранений по состоянию здоровья нет.

Весь персонал на 100% обеспечивается спецодеждой и спецобувью. В связи с жаркой погодой, которая стоит в Уральском регионе вот уже третий месяц, рабочие часы трудящихся на открытом воздухе смещены на более ранние часы и до полудня. Согласно аттестации производственных объектов по условиям труда за вредные условия труда осуществляются доплаты к тарифной ставке.

## ЛЕД ТРОНУЛСЯ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



ИНФРАСТРУКТУРА

**На станции Большая Михайловка Карагандинского отделения ГП построен безопасный наземный переход через железнодорожные пути.**



Два месяца назад на станции Большая Михайловка Карагандинской области двух 14-летних подростков ударило током из-за несоблюдения ими правил безопасности на железнодорожных путях. Это далеко не единственный случай травматизма. И вот «лед тронулся».

Сегодня на стадии разработки находится проектно-сметная документация на строительство наземного перехода через железную дорогу. Как стало известно, двое ребят гуляли возле железнодорожного полотна, а затем решили пересечь его, однако препятствия им создавали грузовые составы. В результате один путь подростки преодолели, а второй решили сократить и подлезть под вагонами поезда. В этот момент мальчиков ударило током. Один подросток получил сильный удар и потерял сознание, а второй пострадал меньше и сообщил о случившемся взрослому.

Потерявший сознание ребенок в крайне тяжелом состоянии поступил в областную детскую клинику больницу, где перенес 9 операций, из них три пластических. Сейчас ему предстоит долгий реабилитационный процесс.

Жители станции Большая Михайловка неоднократно обращались к властям с просьбой построить на железнодорожных путях безопасный переход.

Как сообщил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмуразаев, сегодня на стадии разработки находится проектно-сметная документация на строительство наземного перехода через железную дорогу на станции Большая Михайловка. В данный момент обсуждается, каким будет безопасный переход: с пандусом или с электрическим подъемником.

Между тем ситуация на станции Большая Михайловка остается небезопасной. Чтобы попасть в школу, больницу, магазин или аптеку местные жители пролезают под составами, которые могут тронуться в любой момент.


Центральный совет профсоюза, Центральный совет ветеранов-железнодорожников и ветераны Западно-Казахстанской железной дороги выражают глубокие соболезнования старшему работнику железнодорожного транспорта Республики Казахстан Исинаманову Борису Александровичу в связи с кончиной старшего брата **Даулетжара,** проживавшего в Московской области Российской Федерации.



## Сүйінші!

# ЖОЛ БОЙЫНДА БАСТАЛҒАН ЖАҢА ӨМІР

**Осы аптада «Қала маңы тасымалы» АҚ-ға қарасты Жезқазған – Қарағанды пойызының жолсеріктері жүкті әйелді босандырып алып, Данил есімді сәбиге кіндік шеше болды.**



**Ұлан ОРАЗ,**  
Нұр-Сұлтан



ша, бәрі аяқ астынан болған. «Баланың кіндігін кескенде, қобалжығаным сонша өзім босаңдай күй кештім. Ең бастысы – бала аман, әрі дені сау болып туылды», – дейді Зәуреш Түсіпова.

Аман есен баласын қолына ұстаған Екатерина Феттер де бақытты. «Бірінші кезекте баламды ұайымдадым. Оның жағдайы қалай болады деп қорықтым. Бірақ бәрі сәтпен болды. Барлық пойыз қызметкерлеріне шексіз алғысымды білдіремін. Олар мынадай қиын жағдайда мені жалғыз қалдырмай, қолдан келген көмекті жасап жүтпіді. Ұлым өскенде оның қалай дүниеге келгенін айтып беретін боламын», – дейді ол.

Дәрігерлердің айтуынша, бүгінде баланың жағдайы жақсы, өзінен дем ала алады. Жақында олар перзентханадан шығып, отбасымен қауышады. Міне, корпоративтік құндылық басты қағидасына айналған теміржолшылар ұлттық компанияның атын тағы да асқаттып, өздерінің қызметтік қана емес азаматтық жауапкершіліктерін жоғары екенін танытты.

*Суретті түсірген автор*

Жезқазғандық тұрғын Екатерина Феттер жүктілігінің сегізінші айында Қарағандыға босануға кетіп бара жатқан екен. Алайда пойызға мінгеннен кейін жарты сағат өткен соң әйелдің толғағы басталған. Бұл туралы дереу пойыз бригадасына хабар беріліп, пойыз бастығы Бақтияр Әбдірайымов жүкті әйел келе жатқан №3 плацкарт вагонға келіп мән-жайды анықтайды. Оның айтуынша, әйел үшінші баласына жүкті екен және босану бойынша қиындықтар болғандықтан облыс орталығы Қарағандыға келе жатқан. Көрші вагонда әйелді облыс орталығына алып бара жатқан акушерка болған.

– Жезқазғаннан жедел жәрдем

артымыздан жіберілді. Олар әйел мен акушерді ең жақын Теректі бекетінен түсіріп кетуді айтты. Бірақ маған бұл жолдың бойындағы елді мекендердің жағдайы мәлім болғандықтан ол шешіммен келіспедім. Теректі деген 5-6 үй ғана отырған шағын ауыл болатын, ол жерде әйел жедел жәрдем келгенге дейін босанып қалар болса, ешқандай жағдайы да, емдеу мекемесі де жоқ. Сосын шешім қабылдап, акушерге зор сенім білдіріп, қасына көмекке теміржолда 26 жылдық тәжірибесі бар жолсерік Зәурешті қосып, анық уақыты жетсе осында босандырып алғаны жөн екенін айттым. Әйелді қызметтік жолсеріктер купесіне

әкеліп, медициналық қобдиша, таза төсек орын беріп, бар жағдайын жасадық. Бір сағаттай толғатып, салмағы 1,5 келі болса да дүниеге дені сау ұл бала келді. Өзім де 4 баланың әкесімін. Бірақ өмірімде мынадай кішкентай сәбиді бұрын көрмеппін, аздап қорықтым, дегенмен бәрі сәтті аяқталғанына қатты қуандық. Біздің тәжірибемізде әйелді жолда босандыру бірінші рет, – дейді пойыз бастығы.

Жеңіс станциясына келгенде жас босанған әйелді баласымен бірге жедел жәрдем бригадасы алып кеткен. Олар станциядағы перзентханаға жеткізіліп, тиісті көмек көрсетілген. Пойыз жолсерігі Зәуреш Түсіпованың айтуын-

## Мерейтой

# ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ

**Ғасырдан астам тарихы бар Шалқар локомотив жөндеу депосы бүгінгі күнде замана көшінен қалмай, технологиялық процестерді жетілдіруге өз үлесін қосып келе жатқан іргелі мекеме.**




Бүгінгі таңда 400-ге жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған депо ұжымы дамудан кенжелеп қалмай, өндіріске озық технологияларды енгізіп, соған орай жоғары марапаттарға ие болып келеді. Атап айтар болсақ «Қамқор менеджмент» ЖШС және «Дженерал электрик» компаниясымен бірге барлық деполар арасында қауіпсіздік шараларын сақтау, тепловозды ақаусыз жөндеу, цехтардың тазалығы т.б. саладағы жетістіктері салыстырмалы сараланып, нәтижесінде ұжымға «Алтын каска» сыйлығы табыс етілді. Ұжым еңбегінің жоғары бағалануы оларға жаңа серпіліс, тың талпыныс сыйлады. «Қамқор менеджмент» экологиялық қайта жаңғыру бағдарламасы аясында қалада «Kamkor Park» акциясына қатысып, теміржолшылар паркі ішіне 300 түп шырша, қарағай отырғызып, теміржолшылардың демалып серуендеуіне ықпал етті.

Ұжым аудандағы іргелі мекеменің бірі болғандықтан қалада өткізілген қайырымдылық шараларында да белсенділік танытып, мұқтаж жан-дарға материалдық көмектер ұйымдастырып, халықтың ықыласына бөленіп басқа теміржол мекемелеріне үлгі болып келеді. Осындай жетістіктерге жетіп отырған мекемені басқарып отырған, 44 жылдан бері еңбек жолын тек осы мекемеде өткізіп келе жатқан, тепловоз жөндеуші болып бастап, депо директоры қызметіне дейін көтерілген Нұржан Жұбатов шілденің 26-да асқаралы 60 жасқа толғалы отыр. Өзінің көп жылғы тәжірибесін ұжымда тәртіпті сақтау, жастарды кәсіби тәрбиелеуге арнау, ардагерлерді құрметтеу сынды ұлағатты іске жұмылдырып, нәтижесінде жоғарыда аталған жетістіктерге қол жеткізуде депо басшысының ерен еңбегі жатқандығы анық.

«Еңбек ер атандырады» дейді халқымыз, қашан да жақсы істің жаршысы болып, өндірісті өрге сүйретуде талмай ізденісті серік еткен Нұржан Ұбайдуллаұлына депо өміріне әлі де тың жаңалықтар, үлкен жетістіктер әкелетінен сенім білдіріп, мерейтой иесін туған күнімен құттықтап, мықты денсаулық, отбасы бақытын тілейміз.

**Темірхан ҚАДЫРОВ,** құрметті теміржолшы,  
Шалқар станциясы

## КОГДА РЕЗУЛЬТАТ ПРЕВОСХОДИТ ОЖИДАНИЯ



**В этом году коллектив Капчагайского мостового отряда отметил свой 10-летний юбилей. За эти годы специалистами предприятия отремонтировано 953 объекта по всему Казахстану. Молодое предприятие – лидирующее в Алматинском регионе, а внушительный показатель говорит о том, что филиал работает стабильно, качественно и на перспективу.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Специалисты мостового отряда занимаются капитальным ремонтом металлических и железобетонных мостов с заменой пролетных строений, труб, земляного полотна, инженерных и регуляционных сооружений, установкой снегозащитных заборов, ремонтом железнодорожных переездов. В поле деятельности – изготовление и установка рабионов, ремонт подпорных стенок, тоннелей. Специалисты данного подразделения работают во всех точках Казахстана, в их распоряжении хороший ассортимент строительной техники – большой парк механизмов.

Так, в Павлодаре они завершили работы на семиметровом мосту: произвели окраску, антикоррозийную защиту. На алматинском участке покрасили металлический мост на 3986-м километре, аналогичные работы провели на двух мостах Уштобинской дистанции пути. Теперь предстоят бетонно-ремонтные работы на 10 дистанциях пути.

Кроме того, специалисты мостоотряда принимают участие в водоборьбе и в восстановительных работах. К примеру, на участке Ридер – Тишинская на двух объектах они устраняли последствия размыва. На станции Достык бригада ремонтников работает по очистным сооружениям. Также на станции Жаланахоль провели работы по водоотводным канавам, по очистке русла реки



Хоргос. В данный момент в Карагандинском отделении работает автотран по погрузке/выгрузке шпал и раскладке рельсошпальной решетки для капитального ремонта пути. В Тюлькүбасе завершили работу на Жамбылской дистанции пути.

Стоит сказать, что за десять лет на предприятии не допущено ни одного случая травматизма, нарушений по охране труда и технике безопасности. И особая роль в этом отводится, конечно, его директору. Канат Кербозов направляет людей на достижение общих целей. Он имеет большой авторитет среди подчиненных, к тому же отличный

стратег, видящий перспективу развития своей организации на несколько шагов вперед, исходя из имеющихся ресурсов. Ему приходится преодолевать стереотипы и находить порой нестандартные пути решения задач, создавать и использовать инновационные управленческие технологии.

– Мы развиваем коллективные формы работы, укрепляем корпоративный дух, не имитируем перемены, а на деле стремимся осуществить позитивные изменения, – говорит Канат Сейлханович.

О коллективе Капчагайского мостоотряда отзываются как о процветающем предприятии в регионе и по Казахстану в целом. Только в прошлом году 24 специалиста награждены почетными грамотами за хорошую работу. Успешно работает главный механик Нуржан Нурбаев, начальник участка Капчагай Едылхан Мухтар, мостовые мастера Нуралы Шапанбаев, Тулешев Абилай, Мурат Байшапанов, с первых дней основания мостоотряда трудятся главный инженер Алимжан Набиев, ведущий инженер по охране труда Маржан Буkenова.

Сегодня практика показывает, что наибольшим успехом пользуются только команды, имеющие корпоративные ценности, здесь работа организована так, что каждый осознает свой вклад в общее дело. И коллектив Капчагайского мостоотряда еще пополнит копилку награжденных и впишет немало ярких страниц в летопись железной дороги.

*Фото автора*

## ЕЛДЕРІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ



**Маңғыстау станциясындағы желілік полиция қызметкерлері ұйымдастырған жедел профилактикалық іс-шарасы кезінде елімізде заңсыз жүрген шетел азаматтары анықталып, соттың шешімімен өз елдеріне қайтарылды.**



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесі берген ақпаратқа сәйкес, «Заңсыз келуші» жедел-профилактикалық іс-шара барысында халықаралық және республикалық қатынастың жолаушылар пойыздары келген және тұрған уақытта, перрондарда, темір жол вокзалдары мен

нысандарында жақын және алыс шетел мемлекеттерінің азаматтары арасында ҚР көші-қон заңнамаларын сақтау бойынша тексеріс, алдын-алу шаралары іске асырылды. Нәтижесінде көші-қон заңнамаларын бұзғаны үшін шетел азаматтарының көші-қон заңнамасын бұзуы, азаматтығы жоқ адамның ҚР заңнамасында белгіленген мерзім өткеннен кейін де елден кетпеуі фактілері тіркелді. Барлығы 14 шетелдік




ҚР ӘҚБтҚ-ң 517 бабы 4 бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Аталған дерек заңды шешім қабылдау үшін сотқа жолданып, соттың қаулысымен 10 шетел азаматы Қазақстаннан тысқары шығарылған. Олардың үшеуі Өзбекстанның, қалғаны Түркияның азаматтары екен.

*Суретті түсірген автор*

## В ФУТБОЛ ИГРАЮТ НАСТОЯЩИЕ МУЖЧИНЫ



**На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная, а также на станциях Жанаарка и Акадыр состоялись узловые соревнования по мини-футболу на кубок железнодорожной футбольной лиги «Казпрофтранс-2021».**



**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Во время соревнований игроки проявили единство, волю к победе и профессионализм. В итоге победителем межузловых соревнований стала команда ТЧЭ-14, второе место заняла команда ТЧЭ-15 Жанаарка и третье – команда ШЧ-19. Таким образом, путевку для участия в региональном турнире получила команда-победитель – ТЧЭ 14.

В результате упорной борьбы на станции Караганда-Сортировочная в финал вышли команды ТЧЭ-14 и ШЧ-19, на станции Акадыр – команда ТД-11, а на станции Жанаарка – ТЧЭ-15.

17 июля на станции Караганда-Сортировочная состоялись межузловые соревнования среди команд ТЧЭ-14, ТЧЭ-15 Жанаарка, ШЧ-19 и ТД-11 Акадыр. Перед началом турнира с приветственной речью выступил председатель Карагандинского филиала Казпрофтранс Яхия Альмусин, который желал футбольным командам отличной игры.

*Фото автора*

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**

**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынатын, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сыйдыбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Айдан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
**тел.: 8 775 198 15 61,**  
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.